



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Министрліктер Үйі»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

010000, город Нур-Султан, «Дом министерств»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
Ж. Әшімжановқа,
Ж. Сүлейменоваға

2021 жылғы 26 мамырдағы
№ ДС-189 сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Әліппе» және «Ана тілі» оқулықтары бойынша сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Пәндік сараптамалық комиссия үздік деп таныған «Әліппе» оқулығына қатысты

ҚР Білім және ғылым министрлігі оқулықтардың Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына және үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігіне сараптама жүргізеді.

Оқу басылымдарына сараптама жүргізу тәртібі Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді (ОӘК) дайындау және сараптама жүргізу қағидаларына¹ (бұдан әрі – *Қағидалар*) сәйкес іске асырылады.

Қағидаларға сәйкес баспалар әзірлеген оқулықтар ғылыми-педагогикалық сараптамадан, пилоттық мектептерде сынақтан өткізіледі. Осы кезеңдерден өткен оқулық пәндік сараптамалық комиссияның қарауына ұсынылады. Пәндік сараптамалық комиссия оқу процесінде қолдануға ұсынылатын Оқулықтар мен ОӘК тізбесіне (бұдан әрі – *Тізбе*) оқу басылымдарын қосу бойынша шешім қабылдайды.

«Әліппе» пәнінің оқулығын «Алматыкітап», «Атамұра», «Арман ПВ», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Мектеп» баспалары әзірлеп, сараптамаға ұсынды.

Барлық ұсынылған оқулықтар сараптаманың бес кезеңінен: ғылыми-педагогикалық сараптамадан; 65 пилоттық мектепте сынақтан; сынақтан кейінгі сараптамадан; еліміздің 4 өңірінде (*Нұр-Сұлтан, Семей, Павлодар, Тараз қалалары*) жалпы саны 379 әдіскер-мұғалімнен құрылған педагогикалық ортадағы бағалаудан; пәндік сараптамалық комиссияның қарауынан өтті.

¹ Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығы

Қоғамды ақпараттандыру мақсатында әр «Әліппе» оқулығы бойынша бейнероликтер әлеуметтік желіде таныстырылып, қоғамдық талқылау өтті. Осы орайда, оқулықтарды, оның ішінде «Әліппе» оқулығын «лайк» арқылы іріктеуге қатысты ескерту негізсіз екендігін мәлімдейміз.

Ғылыми-педагогикалық сараптама және сынақ қорытындылары бойынша бес баспаның да оқулықтары мен ОӘК-і екі рет өңдеуге жіберілді. Өңдеуден және қорытынды сараптамадан соң пәндік сараптамалық комиссия қарауына ұсынылды.

Сараптамалық топ құрамына оқыту курсынан өткен ғалымдар мен мұғалімдер енгізілді, бұл ретте комиссия құрамын қалыптастыру құпиялықты қатаң сақтау режимінде жүргізілді.

Объективтілік пен бейтараптықты қамтамасыз ету мақсатында сараптама құпиялық режимде, яғни оқулықтар сараптамаға баспасы мен авторлары көрсетілмей (кодталып) ұсынылды.

Пәндік сараптамалық комиссия ұсынылған оқулықтар арасынан талаптарға толық сәйкес оқулықты Тізбеге қосу бойынша қорытынды шығарды (*ҚР Білім және ғылым министрінің 10.06.2021 жылғы № 286 бұйрығы*).

Бірінші сыныпта оқытатын педагогтердің кәсіби құзыреттілігіне қатысты

Бірінші сыныпты оқытатын педагогтердің кәсіби біліктіліктерін арттыру жыл сайын «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығында жоспарлы түрде жүзеге асырылады. Ағымдағы жылы 4080 педагог «Бастауыш мектептің оқу жоспары пәндерінің күрделі тақырыптарын зерделеу» бағдарламасы бойынша оқыту курстарынан өтуде.

Педагогтердің біліктіліктерін арттыру бойынша жыл сайынғы оқыту курстары Министрліктің тұрақты бақылауында.

«Әліппеден» «Ана тіліне» өтетін кезеңдегі бірізділік мәселесі бойынша педагогтерге түсіндіру жұмыстарын жүргізуге қатысты

Педагогтерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында жыл сайын әзірленетін «Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатқа» «Әліппе» және «Ана тілі» оқу пәндерін оқыту әдістемесіне арналған бөлім қосылды. Әріпті таныту реті А. Байтұрсынұлының еңбектерімен қатар лингвист және әдіскер ғалымдардың зерттеулері негізінде, олардың мәтінде кездесу жиілігі, өзара тіркесі мен сөзжасау қызметіне, сондай-ақ қарапайымнан күрделіге принципіне қарай құрылғанын мәлімдейміз.

Сонымен қатар, педагогтерге әдістемелік көмек қызметін Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы үйлестіретін әдістемелік кабинеттер арқылы көрсетіледі.

Оқулықтарды әзірлеу, сараптау және басу мәселелерін Министрліктің құзыретіне жатқызуға қатысты

Қазақстанда өзге озық елдердегідей оқулықтарды әзірлеу бәсекелестік ортада жүзеге асырылады және баспалардың өз қаражаты есебінен әзірленеді. Баспалардың оқулықтарды әзірлеу және басып шығару құқығы «Қазақстан

Республикасының жалпы білім беретін мектептері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін дайындаудың және басып шығарудың мақсатты бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 қыркүйектегі № 1173 қаулысымен анықталды.

Сонымен қатар, оқулық сапасы көп жағдайда үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына байланысты. Аталған мәселені шешу үшін Министрлік 2021 жылы Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сараптама және сынақ өткізу қағидаларын әзірледі және бекітті. Сараптамадан өткен оқу бағдарламалар білім беру ұйымдарында сынақтан өткізіледі, оқу бағдарламаларына жүргізілген сараптама және сынақ нәтижелері бойынша оқулықтар әзірленетін болады.

Одан басқа, оқу әдебиеттерінің сапасына әзірлеушілердің жауапкершілігін арттыратын Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар әзірленді.

**Министрдің
міндетін атқарушы**

Ш. Каримова

Орынд.: А. Шадырова, 742127



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2021 ж. 23 маусым

НҰР-СҰЛТАН қаласы

№ *155-ісс*

город НУР-СҰЛТАН

Иссапар туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабының 1-тармағына, 57-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру мәселелері бойынша педагогикалық қауымдастықпен кездесуді, сонымен қатар бірқатар білім беру объектілерін аралау мақсатында 2021 жылғы 23-24 маусым аралығында Тараз қаласына іссапарға барамын.

2. Қаржы және мемлекеттік сатып алу департаменті іссапар және көлік шығыстарын заңнамада белгіленген тәртіппен төлесін:

1) «Нұр-Сұлтан – Тараз – Нұр-Сұлтан» бағытында ұшақпен баруға төлесін.

3. 2021 жылғы 23-24 маусым аралығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін уақытша атқаруды Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ш.Т. Кариноваға жүктеймін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Бірінші басшының кенесшісі Д.Ш. Сәрсенованың қызметтік жазбасы.

Министр

А. Аймағамбетов



А. Аймағамбетов